

«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің» КММ
Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА № 6

« 26 » наурыз 2025 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 27

Кітапханашы-1

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібі:

1. 3 тоқсанның қорытындысы бойынша оқу- тәрбие жұмысын талдау.
2. Цифрлық технологиялар білім беру процесінің тиімділігін арттыру факторы ретінде.
3. Оқу үрдісіндегі үшінші тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерін салыстыру сызбасы: оқыту сапасы.
4. ББЖМ және халықаралық зерттеулерге қатысуға дайындық.

Бірінші сұрақ бойынша 3 тоқсанның қорытындысы бойынша оқу -тәрбие жұмысын талдау оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Үшінші тоқсандағы ОУ-дағы оқу-тәрбие процесінің деңгейін анықтау.
Тапсырмалар:- үшінші тоқсандағы ОУ-дағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын талдау; - оқу жоспарының пәндері бойынша оқу жоспарының және оның практикалық бөлігінің орындалуын тексеру; - тоқсандық бағаларды қоюдың объективтілігі;- үшінші тоқсандағы білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау.

Бақылау көлемдері:- жұмыс пән мұғалімдері ;

- сынып жетекшілерінің жұмысы;
- білім алушылардың үшінші тоқсандағы үлгерімі;
- үшінші тоқсандағы білім алушылардың сабаққа қатысуы.

ІІІ тоқсанның қорытындысы бойынша білім алушылардың жалпы саны 82 оқушыны құрады, тоқсанның қорытындысы бойынша 75 оқушы аттестатталды. 8 оқушы үздік, 36 оқушы , мектептегі үлгерімі -100%, білім сапасы - 59% құрады. Бір пән бойынша "3" бағасы, бір пән бойынша «4» оқушы жоқ.

Сапа көрсеткіші 2 тоқсанмен салыстырғанда 4 %-ға төмен. Сынып жетекшілерінің бақылауды күшейтуі, пән мұғалімдері тарапынан олқылықтармен жұмысжүргізу, жеңу бойынша жеке жұмыстың өнімділігі туралы қорытынды жасауға болады.

1-4 сынып	66 %	100 %
5-9 сынып	48 %	100 %
10-11 сынып	82 %	100 %
Мектеп бойынша	59 %	100 %

сынып	Оқушының саны	Білім сапасы	үлгерімі
Мектеп даярлық сынып	5	Бағаланбайды	
1 сынып	7	Бағаланбайды .	
2 сынып	6	33%	100 %
3 сынып	7	100%	100 %
4 сынып	11	66%	100 %
5 сынып	6	83%	100 %
6 сынып	6	50%	100 %
7 сынып	9	22%	100 %
8 сынып	11	27%	100 %
9 сынып	8	75%	100 %
10 сынып	4	75%	100 %
11 сынып	7	86%	100 %

Төмен білім сапасы бар сыныптар: 6 б сынып 0 %, 7 а сынып 0 %, 8 а сынып 33 %, 8 б сынып 0 %, 9 а сынып 0 %, 9 б сынып 0 %, 10 а сынып 0 %, 10 б сынып 0 %, 11 а сынып 0 %, 11 б сынып 0 %.

Сынып жетекшілер сөз сойледі: 6 б сыныпта 2 оқушы (бір оқушы келген оқушы,екінші оқушы қазақ сыныбынан ауысқан оқушы),келген оқушының бейімделуі,жана орын,жана орта. 2024-2025 оқу жылына арналған Колутон ауылының мектебі МКҚК жұмысының жылдық күнтізбелік-тақырыптық кестесіне сәйкес үшінші тоқсанның ұзақтығы 10 оқу аптасы. Оқу жоспары бойынша мемлекеттік бағдарламаның орындалуы құрастырылды **100%**.Токсанның қорытындысы бойынша өткен тоқсанның қорытындысына келсек, "4 және 5" сыныптарында оқитын оқушылар саны көбейсе, тоқсан қорытындысы бойынша білім беру стандартын толық меңгермеген оқушылар саны жоғары деңгейде калып отыр деген қорытынды жасауға болады.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

III тоқсандағы мектеп жұмысының қорытындысын талдау оқушылардың үлгерімі мен білім деңгейі қолайлы және оңтайлы деңгейге сәйкес келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. 3.4.5.6.9.10.11 сынып оқушыларының білім деңгейінің жай-күйі негізгі пәндер бойынша білімдерін бақылау нәтижелері бойынша рұқсат етілген және оңтайлы деңгейлерге сәйкес келеді.Педагогикалық ұжымның барлық іс-шаралары мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылып, III тоқсанға жоспарланған іс-шаралардың барлығы орындалды.

Үлгермеушіліктің алдын алу мақсатында пән бойынша үлгерімі төмен барлық пән мұғалімдері жүйедегі оқушылардың берілген тобымен жеке жұмысты ойластырып, жүргізуі қажет. ӘБ жетекшілері өз отырыстарында тоқсанның қорытындысын қарап, оқушылардың үлгермеушілік себептерін анықтап, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу алгоритмдерін құрастырады (жауапты жетекшілер ӘБ).

Барлық пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері тоқсанның қорытындысы бойынша оқушыларға ерекше назар аударсын, мұндай жағдайды жою үшін шаралар қабылдасын. Сабақты жоспарлау кезінде оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыс жүйесін ойластыру, білім мен біліктегі калыптасқан олқылықтарды дер кезінде анықтап, олқылықтарды дер кезінде жоюды ұйымдастыру сабақта табысқа жету жағдайын жасауға ұмтылады. Оқытуды сақтау және білім сапасының ең төменгі көрсеткіші бар сыныптарда бақылауды жүзеге асыру: 2 а, 6 б, 7 а, 8 а сыныптары. Сынып жетекшілері тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысын өткізуі қажет. **Екінші сұрақ бойынша Цифрлық технологиялар білім беру процесінің тиімділігін арттыру факторы ретінде химия пәнінің мұғалімі А.Жамышев тыңдалды.** Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры екені белгілі. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Білім беруді цифрландыру білім беру процесінде ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату және пайдалану мақсатында біріктірілген әдістер, процестер және бағдарламалық-техникалық құралдар жүйесі ретінде қарастырылады. Білім беруді цифрландырудың негізгі элементтерінің бірі – цифрлық сауаттылық. Компьютерлік бағдарламалауды, графикалық бейнелеу техникасын, компьютерлік графиканы, мультимедияны, онлайн курстарды әзірлеуді және т.б. қолдана отырып, цифрлық технологияларды қолдана отырып, мазмұнды жобалау және пайдалану мүмкіндігі, ақпаратты іздеу және бөлісу, басқа оқушылармен байланыс – бұл цифрлық сауаттылық – білім берудің басты басымдығы. Цифрлық білім беру – жана болашақ үшін тәжірибе ме? Цифрлық білім беру – жаңа болашақ үшін тәжірибе! Сөйлемнің соңындағы қай белгі сізге жақын – сұрақ немесе леп белгісі, сіз өзіңіз шешесіз. Баланы не нәрсеге үйрету керек және баланы қалай үйрету керек? Сұрақ мүлдем таңсық емес. Бірақ қазір ол ерекше естіледі. Өйткені, мектепте білім алуға "баланың ынтасын ояту" бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қиын. Қазіргі баланы таң қалдыру оңай емес. Ғажайып ойыншықтар, көптеген мүмкіндіктері мен арнайы әсерлері бар танымдық және ойын-сауық компьютерлік индустриясы оқушыларды оқу-білімге тартуда көптеген педагогикалық әдістердің тиімділігін төмендетуде. **Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Оқу үрдісіндегі үшінші тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерін салыстыру сызбасы: оқыту сапасы. (презентация қоса салынды).**

Ұсыныс:

- Пәндер бойынша сыныптарда білім сапасын анықтап тұру, оқушылардың білім деңгейін зерттеу;
- Әр пән бойынша тоқсан қорытындысы әдістемелік бірлестік отырысында талданылсын;

- Білім сапасы төмен пән мұғалімдерімен (Т.Асылбекова, М.Смагулова) жан – жакты жұмыс жүргізіліп, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілермен тығыз байланыста болсын. - ҰБТ мен қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстары уақыттың аз болуына байланысты күшейтіліп, оқушылардың қосымша сабақтарға қатысуын үнемі қадағаланып отыруды сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

Төртінші сұрақ бойынша ББЖМ және халықаралық зерттеулерге қатысуға дайындық туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: (презентация қоса салынды, анықтама жазылды) 2025 жылдың 8 қаңтар мектепішілік бұйрық шығып, мектеп оқушыларын PISA халықаралық зерттеуіне дайындау және 4 және 9 сынып оқушыларын ББЖМ-не (Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі) дайындау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысып, әдістемелік көмек көрсетті. Мектеп оқушыларынан он бес жастағы 8 оқушы қатысады,оның тоғызыншы сыныптан жеті оқушы,оныншы сыныпта бір оқушы.Жұмыс барысында өткізілген іс шаралар туралы айтылды. PISA халықаралық зерттеуін тапсыратыны туралы, оған дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүру керектігін, Мектепішілік жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат уактылы өткізілуі тиіс екендігі туралы айтып өтті. Сонымен қатар, пән мұғалімдеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, алынған тесттердің нәтижелерін дер кезінде талдап, кемшіліктермен жұмыс жасау , АКТ бойынша анықталған проблемалармен жұмысты сапалы жасау керектігі туралы жан-жақты айтылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Орта білім беру ұйымдары оқушыларының білім сапасын ББЖМ сәйкестігін бағалауда, білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауда және білім беру процесін үздіксіз дамытудағы келелі жұмыстарға тоқталып, ББЖМ тест тапсырмаларын орындау тиімділігіне талдау жүргізілді.Жаратылыстану сауаттылығы цифрлық технологиялар және онлайн қызметтерді білім беру процесінде тиімді қолдану жолдары қарастырылды.**Бесінші сұрақ бойынша әр түрлі сұрақтар туралы мектеп директоры тыңдалды:** Бірінші сыныпқа оқушыларды 1 сәуірден 31 сәуір аралығында болатыны туралы сөз қозғалды. (қосымша ақпарат берілді). Сынып жетекшілер көктемгі демалыста жүргізілетін іс шаралар туралы ақпарат берді.Көктемгі демалыс уақытында пән мұғалімдері олқылықтармен жұмыс жоспары айтылды.

Шешім:

1. 3 тоқсанның қорытындысы бойынша оқу- тәрбие жұмысын қанағаттанарлық деп саналсын.
- 2.Цифрлық технологиялар білім беру процесінің тиімділігін арттыру факторы ретінде, жаратылыстану бағыттағы сабақтарды жиі қолдансын.
- 3.Оқу үрдісіндегі үшінші тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерін салыстыру сызбасын салыстыра отырып олқылықтармен жұмыс жүргізілсін. Оқыту сапасы жақсартылып, жүйелі жоспарлансын.
- 4.PISA халықаралық зерттеулерге қатысуға дайындық күшейтілсін.
5. Көктемгі демалыс уақыты жоспарлы түрде ұйымдастырылсын. Пән мұғалімдері олқылықтармен жұмыс жүргізісін.

Кеңес төрайымы
Хатшы



А.Аксеитова
Н.Молдагайсина